

## Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылының атаусыз көшелеріне атау беру туралы

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округ әкімінің 2012 жылғы 16 мамырдағы № 58 шешімі. Ақтөбе облысы Ойыл аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 13 маусымда № 3-11-113 тіркелді

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде, атауында және мәтінінде "селолық", "селосының" сөздері "ауылдық", "ауылының" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 01.10.2015 № 110 шешімімен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағы және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармақшасына және Ойыл ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Ойыл ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді – Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 06.03.2017 № 45 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Ойыл ауылдық округінің Ойыл ауылының атаусыз көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- № 1 көшесіне - Шернияз Жарылғасұлы;
- № 2 көшесіне - Құрманов Исламғали;
- № 3 көшесіне - Сатпаев Қаныш;
- № 4 көшесіне - Құрманғазы Сағырбаев;
- № 5 көшесіне - Құрманғазин Бейсұлла;
- № 6 көшесіне - Қлипанов Отар;
- № 7 көшесіне - Қойшығұлов Ахметжан;
- № 8 көшесіне - Төлебаев Мұса;
- № 9 көшесіне - Ержанов Қуаныш;
- № 10 көшесіне - Масатов Сауытбай;
- № 11 көшесіне - Берсиев Шығанақ;
- № 12 көшесіне - Жолмырзаев Байсалбай;
- № 13 көшесіне - Дәуленов Сәлкен;
- № 14 көшесіне - Қарақұлов Ишанбай;
- № 15 көшесіне - Дүсіпов Үмбет;

№ 16 көшесіне - Оноприенко Николай;

№ 17 көшесіне - Аманкелді Иманов;

№ 18 көшесіне - Еркінов Шүкір;

№ 19 көшесіне - Медетбаев Дауылбай;

№ 20 көшесіне - Абай Құнанбаев;

№ 21 көшесіне - Байғанин Нұрпейіс;

№ 22 көшесіне - Екібаев Амантұрлы

№ 23 көшесіне - Бақаев Бауетдин;

№ 24 көшесіне - Молдағұлова Алия;

№ 25 көшесіне - Алтынсарин Ыбырай;

№ 26 көшесіне - Тапалова Нұрсұлу;

№ 27 көшесіне - Көкжар;

№ 28 көшесіне - Желтоқсан;

№ 29 көшесіне - Қаңтарбаев Тұрғали.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ойыл ауылдық округі әкімі:*

*Н. Атағалиев.*